

**2021 жылғы «31» мамырдағы
Республикалық нотариаттық палата
Басқармасының шешімімен
бекітілді**

**Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Республикалық нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы (*бұдан әрі - РНП тәртіптік комиссиясы*) туралы ереже «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (*бұдан әрі - Нотариат туралы Заң*) 24-2-бабына сәйкес әзірленді және шағымдарды қараудың қағидаттарын, өкілеттіктерін, сондай-ақ негіздерін, мерзімдері мен рәсімдерін айқындайды.
2. РНП тәртіптік комиссиясы - нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне түскен жалпылама тәртіптік тәжірибе шағымдарды қарайтын РНП-ның тәуелсіз органы болып табылады.

Мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарда, соттарда тәртіптік комиссияның мүдделерін РНП білдіреді.
3. РНП тәртіптік комиссиясы өз жұмысында Қазақстан Республикасы Конституциясын, Нотариат туралы заңды және басқа да нормативтік құқықтық актілерді, Нотариустың әдеп кодексін, РНП Жарғысын, нотариаттық палатаның Жарғысын, нотариаттық палатаның тәртіптік комиссия және шағымдарды қарау тәртібі туралы ережесін, сонымен қатар осы Ережені басшылыққа ала отырып қызмет атқарады.
4. Тәртіптік комиссияның қызметі тәртәптік іс жүргізудегі барлық тараптардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуге, Қазақстан Республикасы заңнамасын қатаң сақтауға негізделеді.

Тәртіптік іс жүргізу материалдарын қарау барысында тәртіптік комиссия объективтілік пен әділдікті басшылыққа алады. Комиссияның қызметіне араласуға болмайды.
5. РНП тәртіптік комиссиясының қарау нысанасы нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шығарылған шешімдерінің заңдылығын және негізділігін, тәртіптік істе бар материалдар бойынша белгіленген тәртіппен шағымның дәлелдері шегінде тексеру болып табылады.

2. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТӘРТІБІ

6. РНП тәртіптік комиссиясының құрамына нотариаттық палатаның ұсынуы бойынша төрт, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ұсынысы бойынша жұртшылықтың үш өкілі кіреді. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы нотариус болып табылады.
7. РНП тәртіптік комиссиясы мен оның төрағасын нотариаттық палаталардың төрт мүшесінің құрамында РНП Съезі ашық дауыс беру жолымен, РНП Жарғысына сәйкес қарапайым көпшілік дауыспен төрт жылдан аспайтын мерзімге сайлайды.
8. РНП тәртіптік комиссиясының өкілеттіктері РНП Съезінің шешімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
9. РНП тәртіптік комиссиясы РНП Съезіне есеп береді және оны сайлаған орган алдында төрт жылда бір рет есеп береді.
10. Нотариаттық палатаның мүшесі болып табылатын, кемінде бес жыл нотариаттық қызмет өтілі бар, әріптестері арасында мінсіз кәсіби беделі бар, өтелмеген тәртіптік

және өзге де жазалары жоқ нотариус РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі бола алады.

11. РНП төрағалары, нотариаттық палатаның төрағасы, РНП басқармаларының, нотариаттық палатаның мүшелері, РНП тексеру комиссияларының, нотариаттық палатаның мүшелері, нотариаттық палатаның тәртіптік комиссияларының мүшелері РНП тәртіптік комиссиясының құрамына сайлана алмайды.

12. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы РНП Съезінің шешімі бойынша өз міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Міндеттерін атқарудан босатуға негіз болып табылатын жағдайлар мыналар:

12.1. шағымдар қарау тәртібін және мерзімін бұзу;

12.2. тәртіптік комиссия отырыстарының шешімдері мен хаттамаларын уақытылы рәсімдемеу;

12.3. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша РНП тәртіптік комиссиясының шешімдерін тараптарға ұсыну мерзімдерін бұзу;

12.4. өзіне жүктелген міндетті еңбекке жарамсыздығы салдарынан екі айдан астам мерзімге дейін орындамау;

12.5. өзіне қатысты тәртіптік істің қозғалуы;

12.6. өз қалауы бойынша.

13. Тәртіптік комиссия төрағасы комиссия жұмысын ұйымдастырады:

13.1. шағымды өндіріске қабылдау туралы мәселені шешеді немесе оны қабылдаудан бас тартады;

13.2. РНП тәртіптік комиссия мүшелерінің міндеттерін бөледі;

13.3. РНП тәртіптік комиссия отырысының күнін белгілейді, күн тәртібіндегі сұрақтарды белгілейді және отырыстарда төрағалық етеді;

13.4. РНП тәртіптік комиссияның шешімдері мен хаттамаларына қол қояды;

13.5. есептік кезеңде тәртіптік комиссияның атқарған жұмысының нәтижесін талдау және жалпылау бойынша комиссияның қызметін ұйымдастырады;

13.6. РНП Съезінде РНП тәртіптік комиссия жұмысының нәтижелері бойынша есеп береді;

13.7. РНП тәртіптік комиссия жұмысының осы Ережеде, РНП Жарғысында және Нотариат туралы заңда көрсетілген міндеттерінің тиісті деңгейде орындалуын қамтамасыз ету мақсатында басқа да қызметтерді атқарады;

РНП тәртіптік комиссияның төрағасы болмаған жағдайда оның уәкілдік беруімен төрағаның міндеттерін алқа мүшелерінің бірі атқарады.

14. Өз жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін РНП тәртіптік комиссиясының мүшелері бірінші отырыста өз құрамынан ашық дауыс беру арқылы көпшілік дауыспен хатшыны сайлайды.

15. РНП тәртіптік комиссиясының хатшысы РНП тәртіптік комиссиясының шешімі бойынша өз міндеттерін орындаудан босатылуы мүмкін.

Міндеттерді атқарудан босатуға мыналар:

15.1. тәртіптік комиссия отырыстарының хаттамаларын уақтылы рәсімдемеу;

15.2. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша тараптарға РНП тәртіптік комиссиясының шешімдерін беру мерзімдерін бұзу;

15.3. өзіне жүктелген міндетті еңбекке жарамсыздығы салдарынан екі айдан астам мерзімге дейін орындамау;

15.4. өзіне қатысты тәртіптік істің қозғалуы;

15.5. өз қалауы негіз болып табылады.

16. РНП тәртіптік комиссия хатшысы:

16.1. нотариаттық палатадан тәртіптік іс жүргізу материалдарының көшірмесін сұратады;

- 16.2. тәртіптік іс жүргізу тараптарын, РНП тәртіптік комиссиясының мүшелерін РНП тәртіптік комиссиясы отырысының орны, уақыты және күн тәртібі туралы уақтылы хабарлайды;
- 16.3. РНП тәртіптік комиссияның мүшелеріне тәртіптік іс жүргізу материалдарын танысу және РНП тәртіптік комиссиясының отырысына дайындалу үшін жібереді;
- 16.4. тәртіптік комиссияның отырысына оның мүшелері мен тараптардың тәртіптік іс жүргізуге келуін қамтамасыз етеді;
- 16.5. РНП тәртіптік комиссия отырысының хаттамасын жүргізеді;
- 16.6. нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясына шешім жібереді;
- 16.7. тәртіптік істер бойынша есеп жүргізеді, тіркейді және оларды РНП мұрағатына сақтауға береді;
- 16.8. тәртіптік комиссияның отырысын өткізу үшін қажетті өзге де қызметтерді атқарады.
17. РНП тәртіптік комиссияның хатшысы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін төрағаның тапсырмасы бойынша тәртіптік комиссия мүшелерінің бірі атқарады.
18. Тәртіптік комиссияның мүшесі:
 - 18.1. РНП тәртіптік комиссия отырыстарына қатысады;
 - 18.2. іс материалдарымен танысу тапсырмасы барысында ұсынылған материалдарды зерттейді, тәртіптік өндіріске қатысты отырыстың күн тәртібі бойынша анықтаманы дайындайды, РНП тәртіптік комиссиясының шешімі шыққан соң, шешімді дайындайды және оны төрағаға жолдайды.
 - 18.3. РНП тәртіптік комиссия отырыстарында баяндамашы ретінде сөз сөйлейді, отырысқа қатысушы адамдарға сұрақтар қояды;
 - 18.4. РНП тәртіптік комиссия төрағасының нұсқауы бойынша РНП тәртіптік комиссия қызметіне байланысты өзге де тапсырмаларды орындайды;
 - 18.5. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы/хатшысы уақытша болмаған кезде төрағаның/хатшының міндетін атқарады;
19. РНП тәртіптік комиссиясының мүшелігі РНП Съезінің шешімі бойынша тоқтатылады.

РНП тәртіптік комиссиясындағы мүшелікті тоқтатуға мыналар:

 - 19.1. нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, тоқтату немесе лицензиясынан айыру;
 - 19.2. РНП тәртіптік комиссия мүшесінің міндеттерін дәлелді себептерсіз жүйелі түрде орындамау;
 - 19.3. өзіне жүктелген міндеттерді еңбекке жарамсыздығы салдарынан екі айдан астам мерзімге дейін орындамау;
 - 19.4. тәртіптік комиссияның мүшесі болып сайланған мерзімнің өтуі;
 - 19.5. өзіне қатысты тәртіптік істің қозғалуы;
 - 19.6. өз қалауымен РНП тәртіптік комиссия мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату жөнінде өтініш беру негіз болып табылады.
20. РНП тәртіптік комиссиясының қандай да бір мүшесінің мүшелігі тоқтатылған жағдайда, осы Ереженің 7-тармағында белгіленген тәртіппен комиссияның қалған өкілеттік мерзіміне қосымша сайлау өткізіледі.
21. РНП тәртіптік комиссиясының отырыстары нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша шағымдардың түсуіне қарай ТНП-дан тәртіптік іс жүргізу материалдарын алған кезден бастап, оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, бір айдан кешіктірілмей өткізіледі. РНП тәртіптік комиссиясының кворумы отырыс басталған сәтте қатысушылардың саны бойынша анықталады.

22. РНП тәртіптік комиссиясының жұмысы отырыс өткізу түрінде жүзеге асырылады. РНП тәртіптік комиссиясының отырыстары бір мезгілде аппараттық-бағдарламалық құралдар мен есептеу техникасының көмегімен нақты уақыт режимінде интерактивті ақпаратты екі жақты беруді, өңдеуді, қайта құруды және қашықтықтан ұсынуды қамтамасыз ететін ақпараттық технологияны пайдалану арқылы бейнеконференция режимінде өткізілуі мүмкін.

3. ШАҒЫМДАРДЫ ТІРКЕУ ТӘРТІБІ

23. РНП-ға келіп түсетін шағымдарды РНП қызметкері кіріс құжаттарын тіркеу журналына тіркейді және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей РНП тәртіптік комиссиясының төрағасына қағаз немесе электрондық түрде береді.

24. Шағым:

- жүгінген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтер (жеке тұлға үшін – тегі, аты, сондай – ақ қалауы бойынша әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, ұялы телефон нөмірі, пошталық және электрондық мекенжайы, заңды тұлға үшін-оның атауы, пошталық және электрондық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, нотариус үшін тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, лицензия нөмірі, лицензия берілген күн, лицензия берген орган, қызмет аумағы, кеңсенің орналасқан жері, ұялы телефон нөмірі, пошталық мекенжай);
- жеке тұлға, нотариус немесе заңды тұлғаның басшысы не заңда көзделген тәртіппен уәкілеттік берілген өкілдері қол қоюға тиіс. Шағым/ұсыныс электрондық үлгіде жіберілген кезде жеке тұлғаның, нотариустың немесе заңды тұлға өкілінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылуы;
- өзіне қатысты тәртіптік жауапкершілік туралы мәселе қойылып отырған нотариустың тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) қамтуы;
- істің нөмірі мен даулы шешімнің қабылданған күнін қамтуы;
- нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шешімінің заңсыздығын немесе негізсіздігін, қолданылуға тиісті заңдарға және іс материалдарына сілтеме жасап көрсетілуі;
- қайта қаралатын шешімнің заңдылығын қай бөлігінде тексеру керек екендігі және шағым беруші тұлға қандай өзгерістер енгізуді талап ететіні көрсетілуі тиіс;

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының отырысына ұсынылмаған жаңа дәлелдерге сілтеме рұқсат етіледі, егер шағымда оларды қарау мүмкін еместігінің негіздемесі қамтылса.

- шағымға тіркеулі құжаттардың тізімін қамтуы тиіс.
- Шағымға:
- даулы шешімнің көшірмесі;
- шағымға қол қою өкілеттігін растайтын сенімхат немесе өзге де құжаттар қосылады.
-

4. ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

25. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау рәсімі мыналардан тұрады:

- нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешіміне шағымды іс жүргізуге қабылдау;
- РНП тәртіптік комиссиясының нотариаттық палата тәртіптік комиссиясының шешімін қайта қарау жөніндегі материалдарды қарауы.

26. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау үшін жол берілетін негіз деп танылмайтын шағымдар келіп түскен жағдайда, сол сияқты оны қайта қарау туралы мәселе қоюға құқығы жоқ адамдардан келіп түскен немесе шешімді қайта қарау мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар анықталған

кезде РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы шағымды іс жүргізуге қабылдаудан бас тартады және бұл туралы өтініш берушіні хабардар етеді, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде түпнұсқа құжаттарды қайтарады.

27. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау мүмкіндігі келесі жағдайларда шектеледі:

- 1) егер шағымданушы РНП тәртіптік комиссиясы бұдан бұрын қабылдаған шешімі бойынша тура сол тараптар, сол негіздер мен сол тақырып бойынша қайта шағымданса;
- 2) егер нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдеріне шағымдану мерзімдері өтіп кетсе;
- 3) егер өтініште көрсетілген фактілер мен мән-жайлар бойынша нотариустың әрекеті (әрекетсіздігі) заңды деп танылған соттың заңды күшіне енген шешімі болса;
- 4) егер шағым 22-тармақта көзделген талаптарға сәйкес келмесе.

28. Шағым берген тұлғаның өтініші бойынша тәртіптік іс жүргізу тәртіптік іс жүргізу басталғанға дейін РНП тәртіптік комиссиясы төрағасының шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

29. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы шағым түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей тәртіптік іс жүргізуді дайындау рәсімін бастайды және шағымды хатшыға береді.

30. РНП тәртіптік комиссиясының хатшысы өзіне шағым берілгеннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясынан тәртіптік іс материалдарының көшірмесін сұратады.

31. Тәртіптік іс материалдарының көшірмесін алғаннан кейін РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы РНП тәртіптік комиссиясы мүшелерінің біріне отырыста баяндау үшін олармен танысуды тапсырады, сондай-ақ отырыстың орнын, күнін және уақытын белгілейді.

32. Мүше болып табылатын нотариусқа қатысты нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешіміне шағым түскен кезде РНП тәртіптік комиссиясының мүшелігі РНП тәртіптік комиссиясы шешім шығарғанға дейін тоқтатыла тұрады.

33. Тәртіптік іс материалдарымен танысу тапсырылған РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі оларды қарастырады.

РНП тәртіптік комиссиясы отырысының күніне дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей іс материалдарымен танысу тапсырылған РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі РНП тәртіптік комиссиясының хатшысына алдын ала танысу үшін тәртіптік комиссияның барлық мүшелеріне беру үшін тәртіптік іс жүргізудің мәні мен негіздерін қамтитын, отырысқа тағайындалған тәртіптік іс жүргізу жөніндегі анықтаманы қағаз немесе электрондық түрде жібереді.

Тәртіптік комиссияның отырысында ол тәртіптік іс материалдары мен шағымның дәлелдерін баяндайды.

34. РНП тәртіптік комиссиясының хатшысы РНП тәртіптік комиссиясының барлық мүшелеріне РНП тәртіптік комиссиясының отырысына танысу және дайындалу үшін РНП тәртіптік комиссиясының отырысына дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей РНП тәртіптік комиссиясы отырысының орны, күні және уақыты туралы хабарлайды.

35. РНП тәртіптік комиссиясы шағымдарды қарау кезінде өзінің отырыстарына тәртіптік іс жүргізу тараптарын шақыруға міндетті.

Тәртіптік іс жүргізу тараптары тіркеуді қамтамасыз ететін байланыс құралдары пайдаланыла отырып, отырысқа дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей РНП тәртіптік комиссиясы отырысының орны, күні және уақыты туралы хабардар етіледі. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау жөніндегі отырыстың уақыты мен орны туралы тиісінше хабардар етілген, алайда келмеу себептерінің дәлелділігіне (сырқаттануына немесе тәртіптік комиссияның отырысына

қатысуға объективті түрде кедергі келтірген өзге де мән-жайларға) байланысты істі қарауды кейінге қалдыру туралы сұрамаған адамдардың келмеуі оны қайта қарауға кедергі болмайды. Тараптардың нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімін қайта қарау жөніндегі өкілдері тиісті түрде ресімделген сенімхаттар негізінде РНП тәртіптік комиссиясының отырысына қатысады.

36. РНП тәртіптік комиссиясы өз отырыстарын РНП орналасқан жерде өткізеді және РНП тәртіптік комиссиясының отырыстарын қашықтықтан өткізуге жол беріледі. Шағымды қарауға қатысатын тұлғаларда отырысқа қашықтықтан қатысуға мүмкіндік бермейтін РНП тәртіптік комиссиясының отырысын өткізу кезінде техникалық ақаулар туындаған және осы ақауларды 20 минут ішінде жою мүмкін болмаған жағдайда, олар бұл туралы РНП тәртіптік комиссиясына дереу хабарлауға міндетті. Бұл ретте РНП тәртіптік комиссиясы шағымды осы қатысушы болмағанда да қарауды жалғастырады.

РНП тәртіптік комиссиясының отырысын қашықтықтан өткізуге мүмкіндік бермейтін техникалық ақаулар болған және осы ақауларды 20 минут ішінде жою мүмкін болмаған жағдайда, РНП тәртіптік комиссиясының отырысы ауыстырылады, бұл туралы шағымды қарауға қатысатын тұлғаларды хатшы алдын ала көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта мекенжайлары бойынша дереу хабардар етеді.

37. РНП тәртіптік комиссиясы қажет деп таныған жағдайларда хаттамаға қоса берілетін аудио-бейне жазба жүргізілуі мүмкін.

38. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы тәртіптік іс жүргізуді РНП тәртіптік комиссиясының қатысушы мүшелерінің тізімін жариялаудан бастайды, сондай-ақ тәртіптік іс жүргізуге қатысып отырған тараптармен таныстырады. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы отырысты өткізу үшін кворумның болуын тексереді.

Кворум болмаған жағдайда төрағалық етуші отырысты осы шақыру қағазымен ауыстыру жөнінде шаралар қолданады.

39. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімін қайта қарау жүзеге асырылатын Нотариус РНП тәртіптік комиссиясының мүшесіне (мүшелеріне) материалдарды қарау басталғанға дейін дәлелді түрде қарсылық білдіре алады. РНП тәртіптік комиссиясының барлық құрамынан бас тартуға жол берілмейді.

РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі, егер ол өзіне қатысты материалдар қаралатын нотариуспен туыстық байланыста болса немесе оның объективтілігі мен бейтараптығына күмән туғызатын өзге де мән-жайлар болса, тәртіптік комиссияның отырысына қатыспайды. Көрсетілген жағдайларда ол қарсылық білдіруге (өздігінен бас тартуға) жатады.

Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) туралы мәселені РНП тәртіптік комиссиясының мүшелері көпшілік дауыспен шешеді. Мәлімделген қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) бойынша дауыс беру нәтижелері отырыс хаттамасында көрсетіледі. Кворумның болмауына әкеп соққан қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) қанағаттандырылған жағдайда, РНП тәртіптік комиссиясының отырысы басқа мерзімге, бірақ шағымды/ұсынысты қараудың жалпы мерзімі шегінде ауыстырылады, бұл туралы тәртіптік іс жүргізу тараптарына хабарланады. Бұл жағдайда РНП тәртіптік комиссиясының құрамын осы комиссияның басқа мүшесі алмастырады. Қарсылық білдіру (өздігінен бас тарту) қанағаттандырылған жағдайда және кворум болған кезде комиссия отырысы жалғасады.

40. РНП тәртіптік комиссиясы тәртіптік іс жүргізуді мынадай жағдайларда:

40.1 азаматтық, қылмыстық немесе әкімшілік сот ісін жүргізуде қаралатын басқа іс шешілгенге дейін тәртіптік істі қараудың мүмкін еместігі;

40.2 тәртіптік іс жүргізуге қатысушының, іске өкілдердің қатысу жағдайларын қоспағанда, істі қарау мерзімінен асатын іссапарда болуы;

40.3 іске олардың өкілдерінің қатысу жағдайларын қоспағанда, тәртіптік іс жүргізуге қатысушының медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы;

40.4 іске өкілдерінің қатысу жағдайларын қоспағанда, тәртіптік іс жүргізуге қатысушының демалыста болуы тоқтата тұрады.

40.2, 40.3, 40.4-тармақтары заңды тұлға болып табылатын өтініш берушілерге қолданылмайды.

41. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау жөніндегі мерзімді тоқтата тұру тәртіптік іс жүргізуге қатысушылардың жазбаша өтініші бойынша немесе РНП тәртіптік комиссиясының бастамасы бойынша оны тоқтата тұруға әкеп соққан мән-жайлар жойылғанға дейін жүзеге асырылады және қалпына келтіріледі, бұл туралы тәртіптік іс жүргізуге қатысушылар хабардар етіледі.

Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімдерін қайта қарау бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру мерзімдері Ереженің 19-тармағында көзделген шағымды қарау мерзіміне енгізілмейді.

42. Шешім қабылданғанға дейін шағымды жазбаша үлгіде қайтарып алуға болады. Шағымды кері қайтарып алу РНП тәртіптік комиссиясының шешімі негізінде шешімдерді қайта қарау бойынша тәртіптік іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғады. Нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімін қайта қарау бойынша іс жүргізу тоқтатылған кезде нақ сол қатысушылар мен нақ сол нысана туралы және нақ сол негіз бойынша қайтадан тәртіптік іс жүргізуге жол берілмейді.

43. РНП тәртіптік комиссиясының төрағасы баяндамашыға қаралып отырған мәселе бойынша сөз береді.

44. Тәртіптік істі қарау кезінде РНП тәртіптік комиссиясы нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шығарған шешімнің заңдылығын істе бар материалдар бойынша шағымның дәлелдері шегінде тексереді. Шағымның мәнін және/немесе негізін өзгертуге жол берілмейді.

45. Мәселені қарау аяқталғаннан кейін РНП тәртіптік комиссиясы шешім қабылдауға көшеді. РНП тәртіптік комиссиясының шешімі отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

46. РНП тәртіптік комиссиясының шешімі оның мүшелеріне кез келген ықпал ету мүмкіндігін болдырмайтын жағдайларда қабылданады. РНП тәртіптік комиссиясының мүшесі дауыс беруден қалыс қалуға құқылы емес. Дауыстар тең болған жағдайда РНП тәртіптік комиссиясы төрағасының дауысы шешуші болып есептеледі.

Қабылданған шешіммен келіспеген Комиссия мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша үлгіде баяндай алады, ол тәртіптік комиссия отырысының хаттамасына қоса тіркеледі.

47. Қарау нәтижелері бойынша тәртіптік комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) шағымды қанағаттандырусыз, ал нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясының шешімін өзгеріссіз қалдыру;
- 2) нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясы шешімінің күшін жою;
- 3) істі нотариаттық палатаның тиісті тәртіптік комиссиясына жаңадан қарауға жіберу және нотариаттық палатаның тәртіптік комиссиясына белгілі бір іс-әрекеттер жасауға міндеттеу.

Шешімнің қарарлық бөлігі тәртіптік іс жүргізу тараптарына тәртіптік істі сол отырыста қарау аяқталғаннан кейін бірден жария етіледі.

48. РНП тәртіптік комиссиясының шешімі кіріспе, сипаттау, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұрады.

Тәртіптік іс жүргізуді кейінге қалдыру және тоқтата тұру туралы шешім хаттамалық үлгіде шығарылады.

49. РНП тәртіптік комиссиясының шешіміне оның төрағасы қол қояды және ТНП-ға беріледі.
50. РНП тәртіптік комиссиясының шешімдері міндетті сипатқа ие.
51. РНП тәртіптік комиссиясының шешімі қабылданған күнінен бастап күшіне енеді. Тәртіптік комиссия шешімінің күшіне енуі тәртіптік іс жүргізу тарапының жазбаша өтініші бойынша оны сотта даулау кезеңіне тоқтатыла тұрады.
52. РНП тәртіптік комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде шешімнің көшірмесін алуды қамтамасыз ететін байланыс құралдарын пайдалана отырып, тәртіптік іс жүргізу тараптарына жібереді.
53. РНП тәртіптік комиссиясының жұмысын жалпылау Республикалық нотариаттық палатаның интернет-ресурсында орналастырылады.

5. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ШЕШІМДЕРІНЕ ШАҒЫМДАНУ ЖӘНЕ ШАҒЫМДАРДЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

54. РНП тәртіптік комиссиясының шешіміне сотқа жүгіну арқылы наразылық келтірілуі мүмкін.

6. ТӘРТІПТІК КОМИССИЯДА ІС ЖҮРГІЗУ

55. РНП тәртіптік комиссиясының қызметін ұйымдастырушылық, ақпараттық және өзге де қамтамасыз етуді РНП аппараты жүзеге асырады.
56. РНП тәртіптік комиссиясы қараған істердің материалдары істер номенклатурасына сәйкес РНП мұрағатында сақталады.